- Аспапты іске қосар алдында, әр кезде оны қарап байқап шығыңыз. Аспаптың және қуат беру адаптерінің зақымдануы бар болғанда ешбір жағдайда адаптерді розеткаға қоспаңыз.
- Аспап және қуат беру адаптері олар ыстықтың, тұра күн сәулелерінің және ылғалдың әсеріне ұшырамайтындай етіп сақталуы тиіс.
- Жұмыс істейтін аспап пен қуат адаптерін бақылаусыз қалдырмаңыз! Егер аспапты енді пайдаланбайтын болсаңыз, онда әрқашан өшіріп отырыңыз.
- Мұндай адамдарға олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның осы аспапты пайдалануына қатысты қадағалау жүзеге асырылатын немесе оларға нұсқау берілетін жағдайларды қоспағанда, бұл аспап дене, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған. Балаларды аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.



Назар аударыңыз! Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз.



Аспап малдың жүнін қырқуға арналмаған.



Аспапты кез келген соққылардан сақтаңыз



Аспапты қараусыз қоймаңыз



Қуаттандырған кезде ешбір жағдайда, аспапты суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз

- Ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз. Аспапты дымқыл қолмен ұстамаңыз. Аспап суланған жағдайда, оны лезде желіден ажыратып қойыңыз.
- Аспап суға түскен жағдайда, оны тез арада желіден өшіріңіз. Бұл жағдайда қолыңызды суға түсірмеңіз. Аспапты қайталап пайдаланар алдында ол білікті маманмен тексерілуі керек.
- Аспапты жуыну бөлмесінде пайдаланған кезде желілік баусымды пайдаланбаңыз, тек аккумуляторлық режимді қолданыңыз, себебі судың жақын болуы желілік электрлік құралдарды пайдалану кезінде қауіп тудырады.
- Аспапты желіге тек құрылғы жиынтығынан қуат адаптері арқылы қосыңыз, бұл адаптерді басқа мақсаттарда пайдаланбаңыз. Әрқашан алдымен қуат сымын құрылғыға, содан кейін адаптер айырын желіге қосыңыз.
- Қуат көзінің баусымын ажыратқанда немесе аспапқа қосқанда қуат көзінің баусымының істігнен ұстаңыз, баусымнан ұстап тартуға тыйым салынады. Штепсельді қоспас бұрын, оны құрылғы ағытпасындағы дөңес штепсельдің ұясына сәйкес келетін етіп орналастырыңыз. Кері қосуға тыйым салынған.
- Қуат адаптерін тек айнымалы ток көзіне қосыңыз (~). Қосар алдында аспапты желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- Бейстандартты қуат көздерін немесе іске қосу аспаптарын пайдаланбаңыз.
- **Кез келген қате қосу Сізді кепілді қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Құралды желіге қосу алдында ол өшірулі күйде екеніне көз жеткізіңіз.
- Құралды өткір бұрыштарға соғылудан сақтаңыз. Пайдалану аяқталған кезде, құрал сынғанда немесе тазалау кезінде, оны үнемі желіден өшіріп отырыңыз.
- Қуат адаптерін сымнан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, адаптерді, оның қуат баусымынан ұстап, желіден ажыратуға тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқан кезде, адаптердің корпусын штепсельдік айырдан ұстаңыз.
- Ылғи ең алдымен адаптерді желіден, содан кейін – қуат көзінің баусымын аспаптан ажыратыңыз. Егер аспап қуат көзі баусымына қосылмаған болса, адаптерді желіге қосылған күйде қалдырмаңыз.
- Жинақтың құрамына кірмейтін қосымша аксессуарларды пайдалану Сізді кепілдік құқығыңыздан айырады.
- Пайдаланудан кейін ешқашан электрлік қуат көзі желісін құралды айналдырып орамаңыз, өйткені бұл уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау уақытында сымды үнемі түзулеп ораңыз.
- Жинақтағы сымды немесе қуат адаптерін ауыстыруды тек сол модельдегі ұқсас түпнұсқа сыммен немесе қуат адаптерімен жасауға болады, білікті мамандардан - сервистік орталық қызметкерлерінен кеңес алыңыз. Біліктілігі жоқ жөндеу пайдаланушыға тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапты өз бетінше жөндемеңіз. Жөндеуді тек сервистік орталықтың білікті мамандары жүргізуі керек.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануға болады.
- Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жаратуға арналған мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Бұл ретте аккумуляторлық батареяларды аспаптан алып шығу қажет. Сіз осымен қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.
- Пайдаланылған аккумуляторлық батареяларды тұрмыстық қоқыспен тастамаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз, себебі олар жарылуы мүмкін. Пайдаланылған аккумуляторлық батареялар жойылуы тиіс.

ОСЫ АСПАП ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

- Бұл аспап ауа температурасы +15°C-ден +35°C-ге дейін пайдалануға арналған
- Жұмысты бастар алдында жүздерін орнатудың дұрыстығын тексеріңіз
- Жұмыс істеп тұрған құралды ешқайда қоймаңыз, себебі бұл жарақаттануға немесе материалдық шығынға әкелуі мүмкін.
- Қондырмалары немесе қондырманың бір тісшелері зақымданған машинаны, сонымен қатар жүздері зақымданған машинаны пайдаланбаңыз - бұл жарақаттануға әкелуі мүмкін.
- Аспапты тек қана құрғақ шашты алу үшін пайдаланыңыз.
- Аспапты ылғалдылығы жоғары жерлерде пайдаланбаңыз. Ваннаға түскенде немесе душтың астында қолдануға үзілді-кесілді түрде тыйым салынады!
- Бұл құралды жануарларды қырқу үшін пайдаланбаңыз.
- **Ваннаға түскенде немесе душтың астында қолдануға үзілді-кесілді түрде тыйым салынады!**
- Тілінудің алдын алу үшін аспаптың пышағын теріге өте жақын ұстамаңыз.
- Терінің қабынуы кезінде машинаны пайдаланбаңыз.
- Шаш алуға арналған машинка тұрмыстық құрал болып табылады және ұзақ уақыт үздіксіз пайдалануға есептелмеген, сондықтан да үздіксіз жұмыс істеудің 10 минутынан кейін жетекті салқындату үшін үзіліс жасау қажет.

АСПАПТЫҢ СИПАТЫ

Аспап үй жағдайында құрғақ және таза шаш қырқуға арналған.

Аспап малдың жүнін қырқуға арналмаған.



ЖИЫНТЫҚТАМА

				
Аспап	Алынбалы телескопиялық саптама 1-10 мм	Щетка, кескіш блокқа арналған май және сақтау сөмкесі	Адаптер және USB-кабель (type-C)	Пайдалану жөніндегі нұсқаулық сериялық нөмір

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

АККУМУЛЯТОРЛЫҚ БАТАРЕЯНЫ ЗАРЯДТАУ

- Аспапты алғашқы пайдаланар алдында аккумуляторлық батареяны толық зарядтау қажет.
- Аккумуляторлық батареяны +10 °C төмен емес және +35 °C аспайтын температурада зарядтаңыз.
- Аккумуляторлық батареяны зарядтау үшін қуаттандыру баусымы істікшесін қуат көзін қосуға арналған ағытпаға қосыңыз және адаптерді желіге қосыңыз. Бұл ретте қуаттандырудың қызыл жарық индикаторы жанады. Машина бұл кезде өшірулі болуы тиіс.
- Батареяны толық зарядтауға кететін уақыт ≈ 150 минутты құрайды. Аккумулятордың толық зарядталуы кезіндегі аспаптың үздіксіз жұмыс істеу уақыты шамамен 200 минут құрайды.
- Егер машинка бір ай немесе одан да көп уақыт бойы пайдаланылмаса, аспапты қолданар алдында батарея жинағын толығымен зарядтаңыз.


 <p>1</p>	 <p>2</p>	 <p>3</p>	 <p>4</p>
<p>Бірінші пайдалану алдында толықтай разрядтап, қайта зарядтаңыз.</p>	<p>Баусымды аспапқа қосыңыз және айырды электрлік розеткаға кіргізіңіз</p>	<p>Қызы – зарядтау. Жасыл – зарядтаудың аяқталуы</p>	<p>ЗАРЯД ТОЛЫҚ ≈ 150 мин. 100% POWER</p>

МАЙЛАУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ



Назар аударыңыз! Бірінші пайдаланар алдында жүздердің тісшелерін маймен майлаңыз.

- Шаш алуды бастар алдында аспапты тексеріңіз, жүзінің тісшелерінің арасында артық май жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Аспапты іске қосыңыз және пышақ жүрісіне қараңыз, олар кедергісіз қозғалуы тиіс.
- Пышақтардың кескіш жинағын майлау үшін құрылғының жеткізілім жинағына кіретін майды немесе шаш қайшылары мен шаш қайшыларындағы пышақтарды майлауға арналған басқа өндірушілердің майын ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Май жағылатын нүктелер суретте белгіленген, нүктелердің әрқайсысына май 1 тамшыдан асырмай жағылады, содан кейін, май үйкелісетін бетерге үлесіп тарауы үшін, машинкаға 30 секунд шамасында жұмыс істету қажет, содан кейін артық май құрғақ матамен немесе қағаз майлықпен кетіріледі.




САПТАМАНЫ ОРНАТУ / АЛЫП ТАСТАУ



Назар аударыңыз!

Барлық манипуляциялар машина өшірілген кезде жасалуы керек.

- Кескіш блокты/телескопиялық саптаманы орнатпас бұрын және алып тастамас бұрын, машинаның өшірілгеніне көз жеткізіңіз!
- Кескіш блокты алу үшін, оны суретте көрсетілгендей машинадан жоғары қарай тартыңыз.
- Кескіш блокты орнату үшін бастың артқы жағын А коннекторымен ұяға салыңыз (суретті қараңыз) және басылғанша ақырын басу арқылы басын бекітіңіз.
- Жинаққа 0,5 мм қадаммен 1-10 мм шаш қию ұзындығын реттеу мүмкіндігі бар телескопиялық саптама кіреді.
- Шаш қию ұзындығын реттейтін телескопиялық саптаманы кесу блогымен бірге пайдалану керек. Мұны істеу үшін, алдымен кесу блогын орнатыңыз содан кейін телескопиялық саптаманы алыңыз және телескопиялық саптаманың бүйірлік бағыттағыштарын кесу блогының басындағы ойықтарға сәйкестендіріңіз. Саптаманы төмен қарай сырғыту арқылы бекітіңіз.



7. АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУ

- Телескопиялық саптаманы пайдаланған кезде, шаштың ұзындығын реттегішті айналдыра отырып, сәйкес шаш қырқу ұзындығын таңдаңыз.
- ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басып, аспапты іске қосыңыз.
- Кесу аяқталғаннан кейін құрылғыны ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басу арқылы өшіріңіз.



ШАШ ҚЫРҚУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР

- Қажет болған жағдайда, телескопиялық саптаманы орнатыңыз және шаштың ұзындығын реттеңіз.
- Шашын алатын адамды орындыққа, оның басы Сіздің көзіңіздің деңгейінде болатындай, отырғызыңыз. Бұл шолып қарауды және шаш алу процесін бақылауға мүмкіндік береді.
- Түйін болып шатасқан шаштарды алып тастау үшін шашаты мұқият тараңыз.
- Шашты алу процесінде шаш құрғақ болуы тиіс.
- Осы аспапты пайдалана отырып, шаш қырқу белгілі бір дағдыларды қажет етеді, сондықтан алғашқы бірнеше рет саптаманы максималды ұзындыққа орнатыңыз.
- Шашты неғұрлым тегіс алу үшін аспапты шаш өсуінің бағытына қарсы жылжытыңыз. Аспап шаш алуды үлгергенінен жылдам аспапты жылжытып, процесті жылдамдатуға тырыспаңыз.
- Шаш алған кезде қиылған шашты алып тастап отырыңыз.
- Назар аударыңыз, нәресте немесе тым жұмсақ және жұқа шашты қырқу кезінде оларды сымсыз қайшының пышақтарымен ұстау және кесу қиынға соғуы мүмкін. Бір өтуде Шаштың ені бойынша кішірек жіптерді ұстап көріңіз және қайшыны шашыңызға баяу жүргізіңіз.



Егер қажет болса, саптаманы орнатыңыз



Қырқу ұзындығын реттеңіз




Процессты ыңғайы болуы үшін, шашын қырқытуды адамды отырғызып қойыңыз



Шашыңызды табиғи бағытта тараңыз



Шаш қырқу кезінде шаш құрғақ болуы тиіс.



Аспапты шаштың өсуіне қарсы бағытқа қойыңыз



ЕСКЕРТПЕ. Суреттер мен иллюстрациялар таныстыру мақсаттарында келтірілген және бұйымның нақты сыртқы көрінісінен ерекшеленуі мүмкін. Бұйымның құрастырылым және техникалық сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

ЖЕЛКЕДЕГІ ШАШТЫ АЛУ:

- Телескопиялық саптаманы қажетті күйге қойыңыз.
- Аспапты, жүздерін жоғары қарай бағыттап, алыңыз және мойының төмен жағынан төбеге қарай шаш алуды бастаңыз.
- Машинканың телескопиялық саптамасымен шаштың кішігірім мөлшерін қармтыңыз
- Шаш алған кезде аспапты желкенің бойымен біртіндеп көтеріңіз. Желкені өңдеуді төменнен жоғары қарай бағытта мойыннан құлақ ұшына дейін жалғастырыңыз.
- Едәуір қысқа шаш үлгісін алу үшін, телескопиялық саптаманы 3 мм жайғасымға орнатыңыз, қысуды көбірек және де жоғары қарай көтеруді азырақ пайдаланыңыз. Қатты баспаңыз, осылайша сіз кесілген адамға зақым келтіре аласыз.

САМАЙДЫ ӨҢДЕУ:

- Бұл функция үшін минималды ұзындықтағы қондырманы орнатыңыз немесе аспапты қондырмасыз пайдаланыңыз. Бастың самай бөлігін жөндеңіз.
- Сосын үлкен ұзындықтағы қондырманы орнатып, сіз жоғары қарай қозғала аласыз




БАСТЫҢ ЖОҒАРҒЫ БӨЛІГІН ӨҢДЕУ

- Қажетті ұзындықтағы қондырманы орнатып, Сіз бастың жоғарғы жағындағы шашты алуды бастай аласыз. Бұл ретте машинканы төбенден шаштың табиғи өсу бағытымен жылжыту қажет. Кейбір жағдайларды Сіз шашты кері бағытта маңдайдан желкеге қарай шаштың табиғи өсуіне қарсы алу мүмкінсіз.
- Егер шашты тағы қысқарту қажет болса, ұзындығы кішірек қондырманы орнатыңыз.
- Ұзын шашты бастың жоғарғы бөлігінде алу үшін қондырманы шашты көтерумен үйлестіріп пайдаланыңыз. Шаш тұтамының ұзындығын өзгертіп, Сіз өзіңіздің талғамыңыз бойынша шаштың ұзындығын үлгілей аласыз.

САПТАМАНЫ ПАЙДАЛАНБАЙ ШАШТЫ ТҮЗЕТУ (ЖИЕКТЕУ)


- Мойын айналасындағы шашты және самай жанын қырқу үшін телескопиялық саптаманы машинадан алыңыз.
- Құралды кескіш жиектерімен басты үстіне бұрыңыз да, самай мен мойындағы шашты түзетіңіз. Машинаны қатты баспаңыз, ашық жүздерің терімен жанасқан кезде жарақаттану ықтималдығы бар.
- Қалған қысқа шаштар ұстараның көмегімен алынады (жинтыққа кірмейді).



САҚАЛ МЕН МҰРТТЫ АЛУ

Машинаны сақал мен мұртты модельдеу немесе кесу үшін пайдалануға болады.

- Қиюды баста алдында ұйысқан шаштар болмауы үшін сақал мен мұртты тараңыз.
- Шаш құрғақ болуы тиіс.
- Аспапты бірінші рет қолданған кезде, саптама мен реттеу дискісін орнатып, құрылғымен жұмыс істеуді үйрену үшін шаштың максималды ұзындығын таңдау ұсынылады.
- Үш күндік қылшықтың әсері үшін ұзындығы 3 мм жеткілікті (машинкаға 1-10 мм телескопиялық саптаманы орнатыңыз және саптаманың ұзындығын реттегіштің көмегімен 3 мм мәні бар ұзындықты орнатуды таңдаңыз), "толық сақал" стилі үшін 6 мм жеткілікті.
- Сақал жасар алдында, Сізге қандай стиль жарасатынын анықтаңыз.
- Төменде кейбір нұсқалар келтірілген.





НЕГІЗГІ ЖҰМЫС КЕЗЕҢДЕРІ

1. Сақалдың негізгі массасын қию
2. Сақал мен ерін астын қию
3. Мойын сызығы бойынша сақал контурын жасау
4. Беттің сызығы бойынша сақал контурларын жасау
5. Жақ сақалдарды жөндеу



Сақалды қию үшін құралды мойыннан бетке қарай төменнен жоғары бағытта кескіш блокпен қозғаңыз (саптамасы киілген). Бұл ретте саптама суретте көрсетілгендей, теріге жанасып тұрады



Назар аударыңыз! Саптамаға шаш жиналған кезде одан қиылған шаштарды сілкіп тастаңыз.




Назар аударыңыз! Қылшықтарды біркелкі кесу үшін, аспапқа қатты қысым жасамаңыз.


- Мойын мен шеке аймағындағы шашты кетіру үшін, қайшының саптамасын алып тастаңыз және құралды сақалдың белгіленген шекарасына дейін төменнен жоғары қарай сырғытыңыз
- Теріс контурлар жасау үшін, қайшыны кесу пышақтарымен төмен қаратып ұстаңыз және белгіленген сызық бойымен кесіңіз.
- Мойындағы, беттегі, иектегі қалып қойған қажет емес қысқа шаштарды тазалап ұстара көмегімен алынады.

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ


- Тазалар және қызмет көрсетер алдында құралды желіден ажыратыңыз.
- Пышақтар мен саптамаларды әр қолданғаннан кейін, шаштың қалдықтарынан жинаққа кіретін щеткамен тазалаңыз. Мұны істеу үшін пышақтарды төменнен жоғары қарай басыңыз (суретті қараңыз). Пышақтар оңай алынып тасталады және сіз оларды щеткамен тазалай аласыз.
- Құралдың сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін оның жүздері қажеттілігі бойынша үнемі майлануы тиіс (майдың болмауы жүрістің бір қалыптылығын төмендетеді, жүздерінің қызуына және жылдам тозуына әсер етеді), артық майлау шашты былғайды және қиылған шаштардың жүздер мен қондырмаларға жабысуына әсер етеді.
- Аккумуляторлық батареяны 6 айда кеміне 1 рет қайта қуаттандырыңыз, тіпті егер сіз қиюға арналған машинаны пайдаланбасаңыз да.
- Абразивті тазалағыш құралдарды пайдаланбаңыз, құралды таза құрғақ матамен сүртіңіз.
- Ешбір жағдайда аспапты суға батырмаңыз.
- Аспапты салқын құрғақ жерде сақтаңыз.
- Аспапты тасымалдау үшін зауыттық түпнұсқа ораманы пайдаланыңыз




Пышақтар мен саптамаларды әр қолданғаннан кейін шаш қалдықтарынан щеткамен тазалаңыз



Аспап ішінде тазалау үшін кесу блогын алыңыз



Аспапты ішінен тазалау үшін жинақ щеткасын пайдаланыңыз



Суретте көрсетілген нүктелерде қажет болған жағдайда, пышақтарды майлаңыз



Тек қана жеткізілім жиынтығына кіретін майды пайдалануға рұқсат беріледі.



Батареяны 6 айда кем дегенде 1 рет қосымша зарядтап отырыңыз



Ешбір жағдайда аспапты суға батырмаңыз.

САҚТАУ

Электр аспаптары қоршаған ауаның температурасы плюс 40°C-ден аспайтын қоршаған орта температурасында және 70%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта электр аспаптары материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқылды және басқа да булар болмайтын жабық құрғақ және таза үй-жайда сақталады.

ТАСЫМАЛДАУ

- Электр аспаптар нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалданады. Аспапты тасымалдағанда, зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз.
- Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР



Электр құралының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативтік құжаттаманың қолданыстағы талаптары мен нормаларына сәйкес, соның ішінде СанЕжН 2.1.7.1322-03 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға және залалсыздандыруға қойылатын гигиеналық талаптарға» сәйкес кейінгіде кәдеге жаратумен міндетті түрде жинауға жатады.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Ақаулық сипаттамасы	Ақаулық себебі	Жою тәсілі
Электр желісіне қосқан кезде машинка жұмыс істемейді	<ol style="list-style-type: none"> 1. Розетка ақаулы 2. Қуат беру баусымы зақымдалған. 3. Аспап ақаулы. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Басқа аспапты қосып, розеткадағы кернеуді тексеріңіз 2. Тек қана жөндеу шеберханаларының мамандарымен жойылады 3. Сервистік орталыққа жүгініңіз
Машинка қосылады, бірақ шаш алмайды	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жүздердің блогы тазаланбаған 2. Жүздердің блогы майланбаған 3. Жүздер блогы ақаулы 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жүздерді тазалаңыз 2. Жүздер блогын майлаңыз 3. Сервистік орталыққа жүгініңіз



Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Аспап:

Қорек кернеуі: 5В

Қуаты: 2 Вт

Қорғау сыныбы- III

АКБ: Li-Ion, 1300 мАсағ, 3,7 В тұрақты ток

Қуат адаптері:

Кіріс кернеу: ~100÷240 В

Ток ~ 0,2А

Желі жиілігі: ~50/60 Гц

Шығыс кернеу: 5В тұрақты ток, ток 1А

Толықтай зарядталған батареяның жұмыс істеу уақыты: 200 минутқа дейін.



Ескертпе: Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың өзекті нұсқасын Сіз www.polaris.ru сайтынан таба аласыз.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



EAC

CE



Бұйымға кепілді мерзім: сатып алған күннен бастап 3 ай
Аспаптың қызмет ету мерзімі: 3 жыл

Дайындаушы:

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД

Мекенжайы: № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидо, Цыси, Чжэцзян провинциясы, ҚХР

Manufacturer: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED

No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

Импорттаушы және РФ мен Кедендік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі өндірушінің уәкілетті өкілі: "ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11 үй, 3 құрылыс, 4 қабат, I үй-жай 13 бөлме.

Бірыңғай анықтама қызметінің телефоны: 8-800-700-11-78

Authorized representative of the manufacturer in EU:

JSC "HTV1", Švitrigailos g. 11 A, Vilnius, LT-03228

Қытайда өндірілген.

Зауытта:

НИНБО БЭНГШОУ ЭЛЕКТРИК КО., ЛТД

Сясян, Тан Джиалинг Вест Роуд, Ланьдзян Дистрикт, Юйяо Сити, Чжэцзян Провинциясы, Қытай.

At factory:

NINGBO BANGSHOU ELECTRIC CO., LTD

Xiaxiang, Tanjialing West Road, Lanjiang District, Yuyao City, Zhejiang Province, China

Өндірілген айы мен жылы туралы ақпаратты аспаптың паспорттық тақтайшасынан қарау қажет.

КЕПІЛДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Шаш қиюға арналған машинка

Модель: PNC 2100

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 36 ай ішінде қолданылады және "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Заңдарға сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;
 - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;
 - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
 - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған үшкескелерінде металл жемірілуінен;
 - Өңдеу бөлшектерінің, саптамалардың, зарядтау кабелінің, аккумуляторлық батареяның, пайдалану мерзімі шектеулі пышақтар мен өзге де бөлшектердің және пайдалану процесінде табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектердің тозуы;
 - Авторизацияланған сервистік орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар бұйымды жөндеуінен;
 - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларына.
4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, өндіруші кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
5. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.
6. Осы кепілдік осы талонның түпнұсқасымен бірге сатушы берген тауарлық чек түпнұсқасы және сериялық нөмірі жапсырылған ақаулар анықталған бұйым ұсынылғанда жарамды

Назар аударыңыз!! Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS авторланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

*Компанияның сайтындағы авторландырылған сервистік орталықтарының мекенжайлары: www.polaris.ru

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның корпусындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген

ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН / WARRANTY CARD	
Изделие / Item	Модель / Item no.
Серийный № / Serial no.	
Дата продажи / Date of purchase	
Фирма-продавец / Seller	
Подпись продавца / Seller's signature	
Печать продавца / Seller's stamp	
Покупатель / Buyer	
Адрес / Address	
Телефон / Telephone no.	

